

Сабынды ауылының көше атауын өзгерту туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Сабынды ауылдық округі әкімі аппаратының 2008 жылғы 22 сәуірдегі N 14 шешімі. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 13 мамырда N 1-15-106 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармағына сәйкес Сабынды селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Сабынды ауылындағы "Заготзерно-рабкооп-автобаза" аумағына жергілікті тұрғындардың пікірін ескере отырып, Қалқабек Шымырұлының аты беріліп, "Қалқабек Шымырұлы шағын ауданы" деп аталсын.

2. Сабынды ауылындағы "Заготзерно-рабкооп-автобаза" аумағына Қалқабек Шымырұлының аты берілуіне байланысты көше көрсеткіштері өзгертілсін.

3. Осы шешім Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми жариялануға жатады.

С а б ы н д ы
а у ы л д ы қ о к р у г і н і ң

әкімі

Р.Әділханов